

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы Ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 ақпандағы N 285 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 506 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың қызметіне байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: қараңыз.Z100339

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.24 N 61 Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары әуе кеңістігін пайдалану жөніндегі ведомстволық нормативтік актілерін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы Ережеге сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1997

жылғы

28

ақпандағы

N

285

қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Мәтіндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 Заң күші бар Жарлығына", "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 Заң күші бар Жарлығымен", "Жарлықпен", "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының" және "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына", "Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20

желтоқсандағы Заңымен", "Заңмен", "Қазақстан Республикасы Заңының" және "Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.24 N 61 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына сәйкес, мемлекеттің мүддесін қорғау мен сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың қызметіне байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу мақсатында әзірленді.
қ а р а ң ы з . Z 1 0 0 3 3 9

2. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңымен, осы Заңмен белгіленген құзыреті шегінде мемлекеттік органдар шығарған құқықтық нормативтік актілермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық конвенциялармен және шарттармен реттеледі.

Әуе кеңістігін пайдаланудың өзге ережелерін көздейтін Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар оның заңдарының алдында басымдылыққа ие және халықаралық шарттан, оның қолданылуы заң шығаруды талап еткен жағдайлардан басқа да тікелей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың бәріне әуе тасымалы мен аэронавигациялық қызмет көрсету үшін пайдалану үшін оның қай мемлекетке жататынына, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, аэронавигациялық алымдар түріндегі ақы төлеумен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетулер үшін ставкалар мен алымдар мөлшері және аэронавигациялық алымдарды төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардан аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін ақы алу тәртібі туралы қолданылып жүрген Ережеге, аэронавигациялық ақпарат жинағына (AIP) және қолданылып жүрген аэронавигациялық ақпарат Циркулярына (AIC) сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61
Қ а у л ы с ы м е н .

4. Ұшуларды мынадай жағдайларда орындағанда Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардан аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін ақы алынбайды:
к а т е р т ө н г е н ә у е к е м е л е р і н е н ;

бортындағы авариялық жағдайларға, материалдық бөлшегінің істен шығуына немесе ақауы бар болуына байланысты маршруттары өзгертілген әуе к е м е л е р і н е н ;

іздістіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге және/немесе халыққа медициналық жәрдем көрсетуге арналған әуе кемелерінен;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерінен;
бортында тек қана король тектілер, мемлекет басшылары және үкімет басшылары бар ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелерінен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қ а у л ы с ы м е н .

5. Әуе кеңістігін пайдаланушылардың бәріне қатысты Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің пайдалануын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен әуе қозғалысына қызмет көрсету (басқару) жөніндегі мемлекеттік орган (бұдан әрі ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган) жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің пайдаланылуын реттейтін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілерін, басқа да нормативтік құқықтық құжаттарын орындауға бағытталған ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органның барлық нұсқаулары мен өкімдері қызметі әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты барлық мүдделі министрліктермен мен ведомстволарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға дереу жеткізіледі және өздеріне қатысты бөлігінде барлық пайдаланушылардың орындалуы үшін м і н д е т т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың қызметін басқару мен бақылауды ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асырып, бұл ретте ол Қазақстан Республикасының көлік жөніндегі орталық атқарушы органдарымен және Қорғаныс министрлігімен өзара іс-қимыл жасайды .

8. Әуе кеңістігін барлық пайдаланушылардың әуе кемелерінің және/немесе басқа да ұшу аппараттарының ұшырылуын орындау кезінде, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалануға әрі ұшуға арнайы режимдер немесе ұшудың шектелуін белгілеуді талап етуге байланысты өзге де қызметті атқару кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібі мен ережелерінің сақталуына тікелей бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің органдарымен бірлесе отырып, мыналар жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының әуе қозғалысын ұйымдастыру мен басқару жөніндегі Бас орталық (ҚР ӘҚҰБ БО);
әуе қозғалысына қызмет көрсетудің аймақтық орталықтары (ӘҚҚК АО);
әуе қозғалысына қызмет көрсету және/немесе әуе қозғалысын басқару аудандары (ӘҚҚК/ӘҚБ).

Қазақстан Республикасының ӘҚҰБ Бас орталығы, ӘҚҚК аймақтық орталықтары мен ӘҚҚК/ӘҚБ аудандары ӘҚҚК органдарының ұйымдық құрылымында айқындалған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери секторынан және Қазақстан Республикасының көлік жөніндегі орталық атқарушы органының азаматтық секторынан тұрады.

II. Әуе кеңістігінің құрылымы мен жіктелімі

9. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің құрылымы мен жіктелімін әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету - әуе қозғалысын басқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы авиациясының қызметіне Мемлекеттік басқару мен бақылауды жүзеге асыру органдарының атқаратын функцияларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының ӘҚҰБ жөніндегі Бас орталығымен бірге ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган әзірлейді.

Әуе кеңістігінің белгіленген құрылымы мен оның жіктелімі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы Ережені қолдану жөніндегі Нұсқаулыққа енгізіліп, ол Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрықтарымен бекітіледі.

"Байқоңыр" ғарышайлағының, Қазақстан Республикасы полигондарының және Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясы полигондарының әуе кеңістігі құрылымдарын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (ҰҚК) келісім бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бекітеді.

10. Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің құрылымы биіктігі бойынша (тіке жазықтығы) және аумақтық ені бойынша (көлденең жазықтығы) шектелінген оның жеке бөлшектерінің жиынтығы болып келеді.

М ы н а л а р :

әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету аудандары (ӘҚҚК аудандары);

аэродромдар аудандары (АА);

әуе трассалары (ӘТ);

жергілікті әуе жолдары (ЖӘЖ), әуе дәліздері үшін ұшу маршруттары;

мемлекеттік авиацияның, эксперименттік авиацияның және жалпы мақсаттағы авиацияның ұшуы үшін арнайы аймақтар мен аудандар;
ғарышайлақтары мен полигондар аудандары;
жарылыс жұмыстарының аудандары;
ұшуға тыйым салынған аймақтар және шек қойылған аймақтар әуе кеңістігі құрылымының бөлшектері;
әуе кеңістігінің бақыланбайтын аудандары болып табылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.24 N 61 Қ а у л ы с ы м е н .

11. Әуе кеңістігінің құрылымы бөлшектерінің шекаралары көлденең жазықтығында жер (су) бетінің географиялық координаттары бойынша немесе өзіне тән (көрсетілген) жер бағдарлары бойынша белгіленеді, ал тіке жазықтықта шекаралар әуе кеңістігіндегі құрылымның осы бөлшегінің мақсаты мен атқаратын функциясына қарай белгіленеді.

12. Қазақстан Республикасының аумағы үстінен өтетін әуе кеңістігі мемлекеттік шекара шегінде былайша бөлінеді:

әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарының ұшырылуы үшін бөлінген әуе кеңістігі;

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабындағы "б" тармағында көзделген қызметті атқаруға байланысты ұшуға салынған немесе шектелген әуе кеңістігі.

13. Қазақстан Республикасының Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері органдарының, мемлекеттік авиацияның ұшуларына жедел басшылық жасау органдарының және әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету органдарының әуе жағдайына радиолокациялық бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті радиолокациялық құралдар мен байланыс құралдарының ықпал ету қашықтығына қарай Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі мыналарға бөлінеді:

аталған органдар әуе жағдайына радиолокациялық бақылауды қамтамасыз ететін бақыланатын әуе кеңістігі;

әуе жағдайына радиолокациялық бақылау жасалмайтын, бірақ ұшуларды ұйымдастыру, оларға қызмет көрсетілуі мен басқарылуы жөніндегі аталған органдардың функциялары сақталынатын бақыланбайтын әуе кеңістігі.

14. Әуе трассалары (соның ішінде халықаралық ӘТ) бойынша жергілікті әуе жолдары мен ұшу маршруттары бойынша әуе кемелерінің ұшуы үшін бөлінген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі ӘҚҚК ауданындағы белгіленген шекараларда былайша бөлінеді:
жоғары әуе кеңістігі;

т ө м е н ә у е к ең і с т і г і .

15. ӘҚҚК-дің әрбір ауданында белгілі бір сыныптағы әуе кеңістігі құрылымының айқындалуы мен қабылдануына қарай әуе трассалары мен жергілікті әуе жолдары жоғары әуе кеңістігінің аудандары арқылы және ішінара төменгі әуе кеңістігі аудандарында белгіленіп, өтуі мүмкін.

ӘҚҚК ауданының төменгі әуе кеңістігі мен жоғары әуе кеңістігі арасындағы шекарасы, әдетте, 6100 метр биіктікте (ұшу эшалоны) белгіленеді.

ӘҚҚК нақтылы ауданындағы жер жағдайына және ұшудың орындалу ерекшелігіне қарай осы ауданның төменгі және жоғары әуе кеңістігі арасындағы шекара аралығы 4600-7300 метр биіктіктердің бірінде (ұшу эшалондары) белгіленуі мүмкін.

16. Шекаралары біріне бірі жанасып жатқан ӘҚҚК-нің екі және одан да көп аудандарының жоғары әуе кеңістігі әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі Орталықтың бір әуе кеңістігіне біріктіріле алынады (бұдан әрі, жұмыс істейтін ӘҚБ автоматтандырылған жүйесі болғанда - ӘҚҚК-нің аймақтық автоматтандырылған жүйесі - ӘҚҚК ААЖ).

Әуе қозғалысына қызмет көрсету орталықтары мен аудандарының тізбесі, олардың орналасуы мен шекаралары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі мен Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрықтарымен бекітіледі.

17. ӘҚҚК аудандарының төменгі әуе кеңістігінің шегінде мыналар белгіленеді:

аэродромдар немесе аэротораптар аудандарының әуе кеңістігі;
жергілікті әуе жолдары мен ұшу маршруттары;
мемлекеттік, эксперименттік авиация аэродромдары мен аэроклубтары аудандарының әуе кеңістігі;
бақыланбайтын әуе кеңістігі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.24 N 61 Қ а у л ы с ы м е н .

18. Мемлекет экономикасының мүддесіне бола авиациялық жұмыстардың жекелеген түрлерін атқарған кезде жалпы мақсаттағы авиация ұшуларын орындау үшін, сондай-ақ техникалық өнерпаздықты дамыту және әуе кемелерін пайдаланушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оқу, спорттық, мәдени-көрсетілім шараларын өткізуге арналып, осы мақсат үшін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің құрылымында көзделген белгілі сыныптағы әуе кеңістігі бөлінген арнайы ұшу аудандары белгіленеді.

Аталған аудандардың шекараларын әуе кеңістігін мүдделі түрде пайдаланушылардың ұсынысы бойынша және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің тиісті органдарымен келісілгеннен кейін ӘКП ӘҚҚК

жөніндегі мемлекеттік орган бекітеді.

19. Әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарын көрсетуге арналған ұшуларды орындау үшін осындай ұшуларды орындайтын аймақтар (ұшу аймақтары) белгіленеді, бұлар белгілі бір аудандардан тысқары немесе елді мекендердің үстінде әуе кемесінің немесе ұшу аппаратының тұрғын үйлер алабы мен адамдар легі үстіне құлауын болғызбайтын қажетті қауіпсіздік шаралары сақтала отырып бөлінген әуе кеңістігіне орналасады.

Көрсетуге арналған ұшуларды орындау үшін осындай ұшуларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысатын басқа ведомстволармен, кәсіпорындармен және мекемелермен және ӘҚҰБ жөніндегі Бас орталықпен келісілген ӘКП және ӘҚҰБ жөніндегі мемлекеттік органның арнайы рұқсаты талап етіледі.

Әуе кемелері мен ұшу аппараттарын көрсетуге арналған ұшыруларды өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапкершілік көрсетуге арналған ұшыруларды ұйымдастырушы мен оларға тікелей басшылық етушіге жүктеледі.

20. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде немесе оның жекелеген аудандарында тыйым салынған аймақтар мен шектеу аймақтары белгіленуі мүмкін, бұларда әуе кеңістігін пайдалануға толық тыйым салынады немесе ш е к т е л і н е д і .

Ұшуға тыйым салынған аймақтар мен шектеу аймақтарын мүдделі министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың ұсынысы бойынша Қорғаныс министрлігі белгілейді. Тыйым салынған аймақтардың Тізбесін Қорғаныс министрлігі жасайды да әуе қозғалысына қызмет көрсету мен оны басқаруды ұйымдастыру жөніндегі Бас орталықтың (бұдан әрі - ӘҚҚК БО) әскери секторы арқылы жіберіледі. Ұшуға тыйым салынған аймақтар мен шектеу аймақтары әуе кеңістігін пайдалану және ұшулар жасау жөніндегі нұсқаулықтарға және аэронавигациялық ақпарат жинақтарына енгізіледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.24 N 61 Қ а у л ы с ы м е н .

21. Мемлекеттік авиация әуе кемелерінің ұшуы және атыс өткізу мен ракеталар жіберуге байланысты қызметті атқару үшін белгіленген әуе трассалары мен ЖӘЖ-нан тыс әуе кеңістігіндегі аудандар мен арнайы аймақтардың шекараларын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі айқындап, б е к і т е д і .

22. Су үстінен өтетін ӘҚҚК аудандары әуе кеңістігінің шекаралары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес б е л г і л е н е д і .

23. Аэродромдар аудандарының шекараларын, олардың қай ведомствоға жататынына қарамастан, аэродромдардың аға авиация бастықтарының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және көлік

жөніндегі орталық атқарушы органмен келіскен соң ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган бекітеді.

24. Ұшуды ұйымдастыруы мен басқаруы өзара үйлестіру мен келісуді талап ететін аэродромдар, олардың қай ведомствоға жататынына қарамастан, ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органның шешімімен аэротораптарға біріктіріледі алады.

Аэротораптар аудандарының шекараларын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келіскеннен кейін ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган бекітеді.

Аэротораптарға енетін аэродромдар аудандарының шекаралары белгіленбеуді мүмкін.

25. ӘҚҚК әуе кеңістігі былайша сыныпталады және белгіленеді:

А сыныбы. Аспаптар бойынша ұшу ережелері (АҰЕ) бойынша ғана ұшуларға рұқсат етіледі, барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетілуге жатады және эшелондалады.

В сыныбы. АҰЕ бойынша және көзбен шолып ұшу ережелері (КҰЕ) бойынша ғана ұшуларға рұқсат етіледі, барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетілуге жатады және эшелондалады.

С сыныбы. АҰЕ және КҰЕ бойынша ұшуларға рұқсат етіледі, барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетілуге жатады. АҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелері АҰЕ мен КҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне қатысты эшелондалады. КҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелері АҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне қатысты эшелондалады.

Д сыныбы. АҰЕ және КҰЕ бойынша ұшуларға рұқсат етіледі, барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетілуге жатады. АҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелері АҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын басқа әуе кемелеріне қатысты эшелондалады және КҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне қатысты қозғалыс туралы ақпарат алады. КҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелері басқа да барлық әуе кемелерінің қозғалысы туралы ақпарат алады.

Е сыныбы. АҰЕ және КҰЕ бойынша ұшуларға рұқсат етіледі, АҰЕ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетілуге жатады және АҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын басқа әуе кемелеріне қатысты эшелондалады. Барлық әуе кемелері, мүмкіндігінше, қозғалыс туралы ақпарат алады.

Ғ сыныбы. АҰЕ және КҰЕ бойынша ұшуларға рұқсат етіледі, АҰЕ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің бәріне әуе қозғалысына консультациялық қызмет көрсетіледі және сұрауы бойынша барлық әуе кемелеріне

ұшу-ақпараттық қызмет көрсетіледі;

G сыныбы. АҰЕ және КҰЕ бойынша ұшуларға рұқсат етіледі және сұрауы бойынша ұшу-ақпараттық қызмет көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі мынадай тәртіппен сыныпталады:

1) 6100 м биіктіктен бастап және одан астам жоғары әуе кеңістігі А с ы н ы б ы н а ж а т а д ы ;

2) эшелоннан 6000 м және эшелонға дейін 1200 м төмен төменгі әуе кеңістігі С с ы н ы б ы н а ж а т а д ы ;

3) диспетчерлік қызмет көрсету ұйымдастырылған әуеайлақтарының төменгі әуе кеңістігі С с ы н ы б ы н а ж а т а д ы ;

4) диспетчерлік қызмет көрсету ұйымдастырылмаған эшелоннан 900 м және одан төмен төменгі әуе кеңістігі G сыныбына жатады;

5) жекелеген жағдайларда G сыныбы әуе кеңістігінің жоғары шекарасы эшелоннан 1200 м жоғары белгіленуі мүмкін.

Бақыланбайтын әуе кеңістігінде диспетчерлік рұқсат қажет етілмейді. Издестіру мен құтқару үшін тиісті органға хабар беруді ұйымдастыру авиакомпаниялар мен ұшу аппараттарының иелеріне жүктеледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.01.24 N 61 Қ а у л ы с ы м е н .

26. ӘК-нің үлгілерімен, әуе қозғалысының тығыздылығымен әрі үдемелілігімен, ӘҚҚК аудандары орналасуының аумақтық және жергілікті ерекшеліктерімен, әуе қозғалысын басқаруды жүзеге асыратын диспетчерлік органдардың санымен және функционалдық мақсатымен айқындалатын әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуге деген қажеттілігіне қарай ӘҚҚК-дің өкілетті органы тарапынан (ӘҚҚК Орталықтарына, ӘҚҚК аудандарына) өз жауапкершілігіндегі аймақтарда ӘҚҚК мақсатына, әрі ұшу қауіпсіздігі талабына сай келетін әуе кеңістігінің тиісті сыныптарын таңдап алуы мен белгілеуіне қ ұ қ ы қ б е р і л е д і .

Әуе кеңістігінің белгілі бір сыныбында ұшулар жасау мен әуе қозғалысына қызмет көрсету Ережелері Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшулардың негізгі ережелерімен айқындалады.

27. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін ұтымды әрі тиімді пайдалану мақсатында әуе кеңістігін пайдаланушыларға әуе кеңістігін пайдалану, аэронавигациялық қызмет көрсету және ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы стандарттар мен Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының (ИКАО) ұсынылымды практикасын ескере отырып, Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің құрылымын ұйымдастыру (немесе қайта ұйымдастыру) жөнінде ұсыныстар жасауға кұқық беріледі.

Аталған ұсыныстар көлік жөніндегі орталық атқарушы орган және/немесе

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген тәртіппен ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органның қарауына беріледі.

III. Әуе кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру

28. Әуе кеңістігін пайдаланушылар болып табылатын Қазақстан Республикасының барлық заңды және жеке тұлғаларының "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (8-бап) көзделген қызметті атқарған кезде ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органмен және ұшулар мен әуе қозғалысына басшылық жасайтын (қызмет көрсететін) оперативтік органдармен байланыс желілері болуға міндетті.

29. Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе кемелері және басқа да ұшу аппараттарының ұшу қауіпсіздігіне қатер төнгізуі мүмкін қызметі аталған қызмет атқаруға ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органдардан рұқсат алғанда ғана және осындай қызметті атқаруға рұқсат алғандығы туралы ӘҚҰБ жөніндегі Бас орталықты міндетті түрде хабардар еткенде ғана жүзеге асырылады.

30. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабындағы "б" тармағында көзделген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыруға алдын ала өтінімдер беру тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі айқындап, белгілейді.

31. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде немесе оның жекелеген аудандарында әуе кемелерін және басқа да ұшу аппараттарын ұшырумен байланысты әуе кеңістігін пайдаланушылардың қызметіне әуе кеңістігін пайдалану және әуе қозғалысына қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік орган мынадай жағдайларда:

а) әуешабуылына тойтарыс бергенде және Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық тұтастығы мен қоғамдық қауіпсіздігіне қарсы күш қолданылуын немесе күш қолдану қатерін жойғанда;

б) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының немесе әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын болғызбағанда және тоқтатқанда;

в) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін немесе едәуір материалдық зиян келтірілуіне қауіп туғызатын табиғи және өзге де зілзалалар, апаттар, авариялар, авариялық және өзге де жағдайлар кезінде көмек көрсетілгенде;

г) аталған аудандарда ұшу (әуе қозғалысының) қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін болмағанда, тыйым сала алады немесе шектей алады.

32. Әуе кеңістігін пайдаланушылар "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабындағы "б" тармағында көзделген, осындай қызметті қамтамасыз ететін және әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы ұйым талап етілетін қызметті атқарғанда әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарының ұшырылуына уақытша, жергілікті режимдер немесе әуе кеңістігінің пайдаланылуына қысқа мерзімді шектеулер енгізілуімен (белгіленуімен) тыйым салынуы немесе шектелінуі мүмкін.

Ұшып шығуға немесе әуе кеңістігін пайдалануға арнайы режимдер мен шектеулер енгізудің (белгілеудің) тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік авиацияның қызметін бақылау және мемлекеттік басқару органдарының нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

33. Эксплуатанттардың, пайдаланушылардың немесе өзге де субъектілердің әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуының бәрі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты болған авиациялық оқиғалар мен тосын оқиғалар ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органның Әуе қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі Инспекциясының немесе көлік жөніндегі орталық атқарушы орган мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі тағайындаған арнаулы комиссияның дереу тексеруіне жатады.

Тексеруді ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану ережелерін реттейтін ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органның нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

34. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланудың тәртібі мен ережелерін бұзуға жол берген әуе кеңістігін пайдаланушылардың және/немесе эксплуатанттарының қызметі тексеру жүргізу аяқталғанға және тиісті шешім қабылданғанға дейін ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган тарапынан уақытша тоқтатылуы (тоқтата тұрылуы) немесе оған толық тыйым салынуы мүмкін.

Тексеру аяқталған соң әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты қызметті жалғастыруға ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органнан тиісті рұқсат алғаннан кейін жол беріледі.

IV. Әуе трассаларын ашу тәртібі

35. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшырылуы үшін әуе трассалары, әуе дәліздері, жергілікті әуе жолдары мен ұшу маршруттары белгіленеді.

36. Жаңа әуе трассаларын (соның ішінде халықаралық та) ашу туралы

шешімді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша көлік жөніндегі орталық атқарушы орган қабылдайды.

37. Қазақстан Республикасының әуе трассалары күтіліп отырған жағдайларда пайдалануға жарамдылығының қолданылып жүрген нормаларға, сертификаттау жүргізуге және көлік жөніндегі орталық атқарушы орган әзірлеп, бекітетін Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының мемлекеттік ішкі және халықаралық әуе трассаларын, жергілікті әуе жолдары мен аэродромдарды (әуежайларын) ашу (жобалау, белгілеу, жарақтандыру мен жабдықтай түсу) және пайдалануға қабылдаудың нормативтік құжаттарында, реттегіш ережелерінде белгіленген тәртіппен әуе кемелерін пайдалануға жіберілу рұқсатын алуға сәйкестігін белгілеп, айқындағаннан кейін трассаларды пайдалануға рұқсат е т і л е д і .

38. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе трассалары мен жергілікті әуе жолдарының тізбесі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі мен Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрықтарымен б е к і т і л е д і .

39. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулысымен.**

V. Шетелдік әуе кемелерінің ұшуы

40. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде шетелдік әуе кемелерінің ұшуы аэронавигациялық ақпарат жинағында (AIP) жарияланған Қазақстан Республикасының Әуе трассаларының тізбесіне сәйкес белгіленген халықаралық әуе трассалары бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптары немесе бір жолғы ұшулар жасауға берілген арнайы рұқсаттар негізінде және соларға сәйкес жүзеге асырылады.

41. Шетелдік азаматтық әуе кемелері үшін чартерлік (бір жолғы) халықаралық ұшуларды орындауға рұқсатты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсат беру ережесіне және рұқсат беруден бас тарту үшін негіздерге сәйкес береді.

Азаматтық әуе кемелеріне жатпайтын әуе кемелерінің бір жолғы ұшуларын орындауға рұқсатты сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен алдын ала келісе отырып береді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулысымен.

VI. Халықаралық ұшулар үшін аэродромдар ашу тәртібі

42. Шетелдік әуе кемелерінің қонуы мен ұшуы халықаралық ұшуларды орындау үшін ашылған Қазақстан Республикасының аэродромдарында жүргізіледі.

43. Халықаралық ұшуларды орындау үшін аэродромдар (соның ішінде жаңадан салынғандарын да) ашу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Халықаралық ұшуларды орындау үшін аэродромдар ашу тәртібі аэродромдар мен аэродром жабдықтары кешенін жобалау, салу немесе қайта жанарту (техникалық жағынан қайта жарақтандыру), сондай-ақ оларды дайындау мен пайдалануға қосу ережелерін реттейтін Қазақстан Республикасының тиісті заңдары мен нормативтік актілері негізінде әзірлейтін көлік жөніндегі орталық атқарушы органның нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

44. Жаңадан салынған (қайта жаңартылған, техникалық жағынан қайта жарақталған немесе кеңейтілген) және халықаралық ұшулар үшін ашылатын аэродромды мемлекеттік қабылдау комиссиясы қабылдап алуға, оның күтіліп отырған жағдайларда пайдалануға жарамдылығының қолданылып жүрген нормаларға сәйкестігі және белгілі бір (аталған) салмақ санатындағы әуе кемелерінің пайдалануына дайындығы белгіленген тәртіппен тексерілуге тиіс.

Аэродромның пайдалануға қосылуы оны мемлекеттік тіркеуден кейін және мемлекеттік тіркеу әрі аэродромның пайдалануға жарамдылығы туралы Куәлік бергеннен кейін жүргізіледі.

Аталған Куәлікті ұстаушы аэродромның иегері болып табылады.

45. Аэродромды халықаралық ұшуларға қосу үшін сертификаттар жүргізу - оның I, II, III ИКАО санаттарының ең төменгілері бойынша пайдалануға жарамдылығының қолданылып жүрген нормаларға сәйкестігін белгілеу мақсатында аэродромға куәландіру жүргізу қажет.

ИКАО-ның ең төменгі тиісті санатына сай келіп, аэродромның пайдалануға жарамдылығының Сертификатын алғаннан кейін ғана аэродром халықаралық ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің пайдалануына қосыла алады.

VII. Ұшуларды іздестіру-құтқару жағынан қамтамасыз ету

46. Адамдар өміріне қатер төндіретін табиғи зілзала, апаттар, авариялар, басқа да қысылтаяң әрі төтенше жағдайлар болған кезде шетелдік әуе кемелері Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне ұшып келе алады және мемлекеттік шекараның қиылысындағы белгіленген әуе дәліздерінен тысқары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінен ұшып шыға алады, сондай-ақ халықаралық әуе трассаларынан тыс ұшырулардың орындалуын және халықаралық ұшулар

үшін ашылмаған әуежайларға (аэродромдарға) қону мен олардан ұшуды, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, әуе қозғалысына жедел басшылық ету органдары хабардар етілгеннен кейін және ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органнан тиісті рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асыра алады.

47. Қазақстан Республикасының аумағында апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерін іздестіру мен құтқаруды ұйымдастыруға байланысты әуе кеңістігін пайдаланушылардың және өзге де субъектілердің авариялық хабар беруін ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік органды және ӘҚҰБ жөніндегі Бас орталықты дереу хабардар ете отырып өз жауапкершіліктеріне алған аудандардағы әуе қозғалысына қызмет көрсететін диспетчерлік органдар жүзеге асырады.

48. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелеріне көмек көрсету және авиациялық іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін басқа мемлекеттердің және өзге де субъектілердің іздестіру-құтқару күштері мен құралдарын Қазақстан Республикасының аумағына жіберу тәртібін Қазақстан Республикасының Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметі туралы Ережесінің және Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган белгілейді.

VIII. Қорытынды ережелер

49. Әуе кеңістігінде материалдық объектілердің орын ауыстыруымен тікелей байланысты емес, бірақ мұның өзі әуе кемелерінің қауіпсіз ұшуына қатер төндіруі немесе аэродромдардың радиотехникалық құралдарының қалыпты жұмысы үшін кінәрат келтіруі мүмкін әуе кеңістігін пайдаланушылардың қызметі міндетті түрде қарауында аэродромдары, аэродромдар аудандарының әуе кеңістігі, сол аудандар арқылы өтетін әуе трассалары мен жергілікті әуе жолдары бар министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен және міндетті түрде Қазақстан Республикасының ӘҚҰБ жөніндегі Бас орталықпен келісіледі.

50. Егер олардың биіктігі 50 метрден асатын болса, аэродромдар аудандарынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағында объектілерді орналастыру Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің тиісті органдарымен келісілуге жатады.

Объектілердің орналастырылуын келісу жобалық жұмыстар басталғанға дейін жүргізілуге тиіс. Келісілуге жататын объектілердің Тізбесін, олардың ең

жоғары биіктігі мен аэродромдардан қашықтығын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

51. Әуе кеңістігін пайдаланушылар және Қазақстан Республикасының авиация қызметі мен әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды жүзеге асырушы органдар арасында туындайтын барлық даулы мәселелер ӘКП және ӘҚҚК жөніндегі мемлекеттік орган белгілеген мерзімде шақырылатын Ведомствоаралық комиссияның мәжілістерінде қаралады.

Аталған мәселелер жөніндегі түпкілікті шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

52. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру мен оның ретіне, әуе қозғалысына аэронавигациялық қызмет көрсетуге, әуе кемелерінің ұшырылуына жедел басшылық етуге және әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі мен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрықтарымен бекітілетін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы Ережені (қосымшаларымен) қолдану жөніндегі Нұсқаулықта белгіленеді.